


Бекітемін  
Астана қаласы Білім  
басқармасының басшысы  
К. Сенгазыев   
2022 ж. «2» \_\_\_\_\_ /2

## Қалалық сараптамалық кеңес туралы ереже

### 1. Жалпы ереже

1.1. Осы ереже қалалық сараптамалық кеңестің негізгі міндеттері мен қызметтерін, сондай-ақ ұйымдастыру мен жұмыс тәртібін айқындайды.

1.2. Қалалық сараптама кеңесі (әрі қарай-Кеңес) білім беру ұйымдарының эксперименттік білім беру бағдарламалары мен инновациялық жобаларды сараптамадан өткізу үшін Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (әрі қарай-Орталық) жанынан құрылады.

1.3. Қалалық сараптамалық кеңес алқалы кеңесші орган болып табылады, оның мақсаты эксперименттік алаң қызметі мен инновациялық жобаларды басқару және үйлестіру функцияларын жүзеге асыру және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс пен инновациялық жобаларды жүзеге асыруын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

1.4. Кеңес өзінің әрекетін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 139 бұйрығы «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидалары, осы ережесі негізінде жүзеге асырады.

1.3. Қалалық сараптамалық кеңестің құрамына білім беру ұйымдарының, жоғары оқу орындарының, өңірлік кәсіпкерлер палатасының, жергілікті атқарушы органдардың және т. б. өкілдері кіруі мүмкін.

### 2. Қалалық сараптамалық кеңестің қызметі мен мәртебесі

Қалалық Сараптамалық кеңес келесі қызметтерді атқарады:

2.1. Университеттермен және әлеуметтік серіктестермен байланыс орнату мақсатында эксперименттік алаң мен инновациялық жобалардың жұмысын ұйымдастыруда оқу орындарымен ынтымақтастығына қолдау жасайды.

2.2. Білім беру ұйымдарының білім беру эксперименттік бағдарламалары мен инновациялық жобаларына және әлеуметтік серіктестер ұсынған инновациялық жобаларға сараптама жүргізеді.

2.3. Қалалық деңгейде эксперименттік алаңдарды ашу, ұзарту, жабу және инновациялық жобалары жүзеге асыру бойынша шешім қабылдайды.

2.4. Эксперименттік алаңдарды ашудың, инновациялық жобаны енгізудің немесе жабудың орындылығы туралы ұсыныстар енгізеді.

2.5. Сараптамалық кеңестің негізгі шарттары – ашықтық, тәуелсіздік, біліктілік, әділдік.

### 3. Сараптамалық кеңестің құрылымы

3.1. Кеңес құрамына кіреді:

- кеңес төрағасы;
- кеңес төрағасының орынбасары;
- кеңестің хатшысы;
- кеңес мүшелері.

3.2. Кеңес құрамы Астана қаласы Білім басқармасы бұйрығымен бекітіледі.

Төраға болып ғылыми немесе академиялық дәрежесі бар маман немесе орталықтың әдіскері немесе зерттеу жұмысы мен инновациялық жобаларды жүзеге асыру бойынша тәжірибесі бар педагог бекітіледі.

3.3. Кеңес төрағасының қызметі:

- кеңес қызметін жоспарлау және ұйымдастыру;
- кеңес отырыстарын жүргізу;
- экспириментті, инновациялық жобалардың жүзеге асырылуын сүйемелдеуі мен басқару мәселелерін үйлестіру;

- экспирименттік ағандар мен инновациялық жобаларды іске асыруда жоғары нәтижелер көрсеткен білім беру ұйымдарының педагогтері мен ұжымдарын ынталандыру туралы ұсыныстар енгізу;

-кеңес қызметі туралы есептерді дайындау.

3.4. Кеңес хатшысы кеңес мүшелерінің ішінен сайланады және төмендегідей қызметтерді атқарады:

- экспирименттік бағдарламалардың жобасы мен инновациялық жобаларды кеңес талқылауына дайындап ұсынады;

- келесі отырыстың күн тәртібін кеңес мүшелеріне уақытылы хабарлайды және кеңеске ұсынылған материалдармен таныстырады;

- қажет болған жағдайда басқа ұйымдардан сараптама жасау үшін тәуелсіз қызметкер шақырады;

- кеңес отырысының хаттамасын жазалды;
- кеңес құжаттамаларын расімдейді.

3.5. Кеңес мүшелерінде ғылыми зерттеулер мен әдістемелік қызметі мен инновациялық жобаларды жүзеге асыру бойынша тәжірибесі болуы қажет.

Олардың қызметіне кіреді:

- экспирименттік ағандар бағдарламалары мен ұсынылған инновациялық жобалар бойынша алдын ала сараптама жасау;

- ұсынылған материалдардың талқылауына қатысу және қайта қарау бойынша ұсыныстар енгізу;

- экспирименттің әдістемелік материалдарының құндылығын, ғылыми дәлелін, сонымен қатар инновациялық жобалардың өзектілігін анықтау;

- экспирименттік ағандарды ашудың және инновациялық жобаларды енгізудің орындылығы бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- кеңес отырысы шешімін қабылдауға қатысу.



Қалалық сараптамалық кеңес тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін зерделеу бойынша білім беру ұйымдарының бағдарламаларына түзетулер енгізуге немесе жұмысты тоқтатуға келесі жағдайларда ұсыныс бере алады:

- бекітілген эксперименттік жұмыс бағдарламасынан айтарлықтай ауытқығанда;
- эксперименттік жұмыс нәтижесінің теріс салдары анықталғанда.

#### **4. Шешім қабылдау рәсімі**

4.1. Эксперименттік бағдарламалар мен инновациялық жобалардың жобасын іске асыру жөніндегі өтінімдер мен материалдар сараптамалық кеңестің отырысына дейін екі апта бұрын қабылданады. Кеңес мүшелері ұсынылған материалдармен кеңес отырысына дейін танысады.

4.2. Сараптамалық жұмысына кіреді:

- ұсынылған материалдардың талдауы;
- жобаның инновациялық әлеуетін зерделеу.

4.3. Ұсынылған эксперименттік бағдарламасы мен инновация жобасы бойынша шешім кеңес мүшелерімен ашық дауыс беруі арқылы қабылданады.

4.4. Кеңес отырысы оқу жылында кемінде екі рет өткізіледі (қаңтар, мамыр, тамыз).